

# Интеллектуалдық Олимпиада

*Тақырыбы: «Биология әлемінде»  
интеллектуалдық олимпиадасы  
9-сыныптар*

Мақсаты: оқушылардың биология пәні бойынша білім деңгейлерін, ой-өрісін байқау әрі кеңейту, биология пәніне қызығушылықтарын ояту, топпен жұмыс жасай білу дағдыларын жетілдіру.

1 тур. Брейн-ринг.

2 тур. Мен білемін.

Ұпайлар:

1000

3000

5000

7000

9000

## 1-тапсырма

Ежелгі Грецияда бұл көкөніс ерекше ықыласқа ие. Бұл өсімдік адамға кездескен алғашқы көкөніс болып есептеледі. Атақты қолбасшы Александр Македонский үнемі шайқасқа шығардың алдында өзінің жауынегерлерін осы көкөніспен тамақтандырып, өзінің жеңісінің құпиясы осыда деп сенген.

Қызығы, ұлы математик, философ Пифагорда осы көкөніске табынып қана қоймаған, тіпті оның селекциясымен де айналысқан дейді. Ең жақсы іріктемелерінің бірі ертеде Пифагордың есімімен бекер аталмаса керек.

Бұл өсімдіктің латынша атының аудармасы “бас”.

Сұрақ: бұл қай өсімдік?



**Жауап:  
капуста**

## 2-тапсырма

Ұзақ уақыт өсімдіктерді бақылайтын адамдар бір гүлдің таңның атуының, екіншісі күннің батуының хабаршысы екенін байқаған. ХҮІІІ ғ. Швецияда белгілі ғалым – натуралист К. Линнейдің кеңесімен гүл сағаты жасалған. Таңғы сағат 5-те текесақал, сағат 6-да көкнәр гүлінің күлтелері ашылса, ал кешкі 10- да хош иісті темекі , кактустың гүлдері ашылады. Осылай уақытты анықтап отырған.

Сұрақ: бұл қызықты құбылыс немен байланысты? Неліктен әртүрлі гүлдер әр түрлі уақытта ашылады?

*Жауап: Гүлдердің ашылуы  
тозандануға қолайлы  
жағдайымен байланысты.*





### 3-тапсырма

Бұл өсімдікті жек көрсе де бірақ оған табынды, оның гүлдерімен патша сарайларын сәндеген. Оффенбург деген неміс қаласында танымал ағылшындық саяхатшы Фрэнсис Дрейкке ескерткіш қойылған. Ескерткіште осы өсімдікті Европаға алғаш болып әкелген Дрейк деп жазылған. Алғашқы жылдары бұл өсімдіктің жемісі патша дастархандарында да сирек кездесетін тамақ болған. Біздің дастарханымызға бұл тамақ жүздеген жылдар кейін келді.

Бұл өсімдіктің аты не?



***Жауап: картоп***

## 4-тапсырма

1869 жылы француз миссионері Арман Давид Қытайға саяхат жасайды. Ол әрі табиғат зерттеушісі болғандықтан Сычуань провинциясында жүргенде шалғайдағы елді мекендерден үйдің қоршауында ілулі тұрған теріні көреді. Жергілікті тұрғындар ол сол маңайдағы тоғайда тіршілік ететін аңның терісі екендігін айтқан. Бұл аң табиғатта таңертең және түнде белсенді. Бойы 1,5 м –ге жетеді. Жалпақ табандарында күшті тырнағы болады. Көп дыбыс шығармайды, анда-санда ғана қойдың маңырағанындай дыбыс шығарады.

Сұрақ: бұл қандай аң?



**Жауап: Панда**

## 3-тур. Ойлан-тап.

Ұпайлар:

1000

3000

5000

7000

4000


# 1-тапсырма. Тірек сөздер:

Су, қан, паразит

Көпшілігі суда тіршілік ететін жыртқыш немесе паразит.

Итшабақ, итбалық және омыртқалы жануарлардың қанымен де қоректенеді. Денесінің бауыр жағы әр түсті.

**Сұрақ:** бұл қандай организм?



**Жауап: Сүлік**

## 2-тапсырма. Тірек сөздер: Стресс, адам, эмоция

Ол- жинақталып қалған эмоцияны сыртқа шығарып тастаудың ең зиянсыз түрі. Ол еш жерінді ауыртпайды, бойдағы жағымсыз энергияны жойып жібереді және күйгеліктіктен құтқарады. Оны келіп тұрғанда үнемі іркіп қалса, ауруға шалдығады. бұл ер адамдарға қарағанда әйел адамдарда көбірек кездеседі, әрі әйел адамдардың ұзақ жасауын да осымен байланыстырады.

**Сұрақ:** Бұл не?






**Жауап: Жылау**

**3-тапсырма.** Тірек сөздер: асқорыту, эндокриндік жүйе, қант.

Ауру адамның бір мүшесін алып тастағанда , оның зәрінен қант табылған. Егер сау адамның асқорыту жолына баратын осы мүшенің өзегін уақытша бітегенде, асқорыту бұзылған, бірақ зәрдің құрамында өзгеріс болмаған.

**Сұрақ:** әңгіме адамның қай мүшесі туралы?



**Жауап:  
Ұйқы безі**

**4-тапсырма.** Тірек сөздер: бақа,  
көз, қорек

Бақалар насекомдармен  
қоректенеді. Бірақ олар өлген  
насекомдарға тимейді. Неге?

**Сұрақ:** Неге?

**Жауап: Олардың көздерінің  
құрылыс ерекшелігі сол, тек  
қозғалыстағы жемтікке ғана әсер  
етеді.**

#### 4-тур. Биологиялық есеп

Математикалық тапсырма:  
Коллекцияда коларадо қоңызы мен кенелердің сандары бірдей. Барлық жәндіктің аяғы – 336. Коллекцияда қанша кене бар?

**Жауап:**  $336 : (6+8)=24$ .

Коллекцияда 24 кене бар.

## 5-тур. Адасқан әріптер.

Адасқан әріпті (орысша, қазақша) тауып, артық сөзді анықта.



• Адасқан әріптерді (қазақша) тауып,  
артық сөзді анықта:

Суткак

Қадлағзық

Ырмат

Рұмтины

Суткак            кактус

Қадлағзық    қызғалдақ

Ырмат           тамыр мүше

Рұмтины        итмұрын

- Адасқан әріптерді (орысша) тауып, артық сөзді анықта.

Хапарече

Меяз

Дилкроко

Итонр

Хапарече черепаха

Меяз змея

Дилкроко крокодил

Итонр **ТРИТОН**

• Артық сөзді анықта:

Stomach

Heart

Vein

Blood

Stomach қарын

Heart жүрек

Vein көктамыр

Blood қан